

**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



«Бекітемін»

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университетінің басқарма
басшысы-ректор, ф.ғ.к.

Б.С. Каримова

04 2021 жыл

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
профессор-оқытушылар құрамының білім беру қызметіндегі
рейтингісін анықтау
ЕРЕЖЕСІ**

Қызылорда, 2021 жыл

Алғы сөз

1. Жұмыстық топпен ӘЗІРЛЕНДІ.

2. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректордың 19.04.2021 жылғы № 179-а бұйрығымен БЕКІТІЛДІ және ЕНГІЗІЛДІ

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
профессор-оқытушылар құрамының білім беру қызметіндегі
рейтингісін анықтау
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже университеттің бакалавриат, магистратура, докторантура білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлаудағы профессор-оқытушылардың кәсіби қызметін анықтау үшін қолданылады.

1.2 Университеттің профессор-оқытушылар құрамының кәсіби қызметін бағалау рейтинг арқылы жүзеге асырылады.

1.3 Рейтинг профессор-оқытушылардың оқу жылында атқарған қызметтерінің нәтижесіне сәйкес олардың кәсіби деңгейлерін талдау, атқарған еңбегіне сай университеттің арнаулы қаржысы есебінен еңбекақыларына үстемеақы тағайындау мақсатында қолданылады.

1.4 Рейтингке жоғары білім беру жүйесінде 1 жылдан кем емес еңбек өтілі бар штаттық құрамдағы профессор-оқытушылар міндетті түрде қатысады.

1.5 Университет әкімшілігі рейтингке қатыспаған кафедра оқытушысының еңбек келісім шартын келесі оқу жылына ұзартпауға немесе бұзуға құқылы.

1.6 0,25-0,5 штатта педагогикалық оқу жүктемесін орындайтын әкімшілік-басқару және құрылымдық бөлім қызметкерлеріне де рейтингке қатысуға мүмкіндік беріледі.

1.7 Оқытушы жоғары балл жинап, 100 оқытушының тізіміне енген белгілі себептермен жаңа оқу жылында демалысқа шықса (бала күтімі демалысы және т.б.), сол оқытушының өткен оқу жылы бойынша жинаған баллы ескеріліп, үстеме ақысы төленеді.

2. Рейтинг кезеңдері және оны бағалау тәртібі

2.1 Рейтинг қорытындысын шығару үшін университет ректорының бұйрығымен бекітілген, төрағасы оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор болып табылатын арнайы комиссия жұмыс жүргізеді.

2.2 Арнайы комиссия басқарма мүшелерінен, жетекші ғалымдар мен оқытушылардан, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегерлері атанған профессор-оқытушылардан құрылады. Комиссия мүшелерінің саны тақ болуы тиіс. Комиссия отырысы құрамының кемінде 2/3 болған жағдайда заңды деп саналады.

2.3 Рейтингке қатысушы оқытушы оқу жылындағы оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбие жұмыстары бойынша жетістіктері жөніндегі мәліметтерді оқу жылынан бастап 10 тамызға дейін «E-UNIVER. Рейтинг» базасына енгізеді.

Оқытушының 1-қосымшаға сәйкес сандық және сапалық көрсеткіштері мәліметтер базасында автоматты түрде есептеледі.

2.4 Рейтинг нәтижелерін қорытындылау 2 кезеңде өтеді:

Бірінші кезең – кафедра деңгейінде жаңа оқу жылынан бастап 10 тамызға дейін өтеді.

Оқытушы рейтингке ұсынатын құжаттарды кафедра меңгерушісі рейтинг кестесіне сәйкес тексереді, қолын қояды. Кафедра меңгерушісінің қолымен расталған құжаттарды оқытушы сканерлеп, 10 тамызға дейін «E-UNIVER. Рейтинг» базасына енгізеді.

Рейтингке қатысушы әрбір оқытушының ғылыми-педагогикалық қызметтегі барлық көрсеткіштері мәліметтер базасына толық ендірілгеннен кейін кафедра меңгерушісі мәліметтер базасын бекітіп жабады. Бекітілгеннен кейін кафедра тарапынан мәліметтерге ешқандай өзгеріс енгізілмейді.

Оқытушының мәліметтер базасына енгізілген ғылыми-педагогикалық қызметінің көрсеткіштерінің шынайылығы кафедра меңгерушісінің жауапкершілігіне жүктеледі. Құжаттардың жалғандығы анықталған жағдайда оқытушы тәртіптік жауапкершілікке тартылады және рейтингке қатысу құқығынан айырылады.

1-кезеңнен сараптаудан өткен оқытушының электрондық мәліметтері университеттің арнайы комиссиясының бағдарламалық қорына автоматты түрде түседі.

Екінші кезең – 10-20 тамыз аралығында университет деңгейінде арнайы комиссияда өткізіледі. Арнайы комиссия мәліметтер базасындағы рейтингке қатысушы оқытушылардың сандық және сапалық көрсеткіштерін сараптайды және әрбір көрсеткіш бойынша балын қояды. Кафедрадан автоматты түрде есептеліп келген балды арнайы комиссия мүшесі азайтып немесе көбейткен жағдайда оған қосымша түсініктеме енгізеді.

Арнайы комиссия 2-қосымшаға сәйкес оқытушының ішкі тәртіп ережесін сақтауын тағы да тексереді. Барлық сараптау, талдау және бағалау жұмыстарынан кейін оқытушының рейтинг бойынша сандық және сапалық көрсеткіштерін бекітеді. Арнайы комиссиядан атқарған сараптау жұмысы бойынша қатаң жауапкершілік талап етіледі.

Егер оқытушы оқу жылы бойына өз қызметтік міндетін орындамаған немесе ішкі тәртіп ережесін бұзған жағдайда сараптау комиссиясының төрағасы қорытынды балдан 2-қосымшаға сәйкес жиынтық балды шегереді.

2.5 Ғылыми-педагогикалық қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, тәрбие және ұйымдастыру жұмыстарының барлық жетістіктері қамтылған ең жоғары жиналған балл 100% болып есептеледі.

2.6 Жоғары балл жинаған алғашқы 100 профессор-оқытушының еңбекақыларына университеттің арнаулы қаржысы есебінен қосымша үстемеақы тағайындалады. Үстеме ақы мөлшері бірінші тұрған оқытушы мен келесі тұрған оқытушы балының айырмасына сәйкес анықталған коэффициентпен анықталады.

Рейтинг нәтижесін бекітпес бұрын комиссия қорытындысы бойынша рейтинг баллымен танысу үшін оқытушыларға екі жұмыс күні беріледі. Оны комиссия төрағасы университет бойынша хабарлайды.

Оқытушы комиссия шешімімен келіспеген жағдайда, берілген екі жұмыс күні ішінде «E-UNIVER.Рейтинг» базасына енгізілген құжаттарды ғана растауға тиісті

құжаттарды комиссияға ұсынуға құқылы. Ұсынылған құжаттар бойынша комиссия мүшелері «E-UNIVER.Рейтинг» базасына негіздеме жазып, бекітеді.

2.8 Рейтингке қатысқан кафедра оқытушыларының жинаған балдары қосылып жалпы кафедрадағы рейтингке қатысқан және қатыспаған (енбек өтілі бір жылға толмаған оқытушылар есепке алынбайды) барлық оқытушылар санына бөлініп кафедраның орта балы - Рейтингі шығарылады.

2.9 Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университет ректорының бұйрығы шығады. Рейтинг қорытындысы университеттің барлық құрылымдарына жарияланады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Оқытушының оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмыстарының
сандық және сапалық көрсеткіштері

(Оқытушының аты-жөні, ғылыми дәрежесі/атағы, лауазымы)

Кафедра _____

институт _____

_____ оқу жылы

**2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша профессор-оқытушылар құрамының
рейтингісін оқу, ғылым, тәрбие бағыттары бойынша анықтау көрсеткіштері**

№	Оқу әдістемелік жұмыстар	Берілетін балл
1.	ҚР БЖҒМ грифімен оқулықтар	2 және одан жоғары болса -200 балл. 1 оқулыққа-120 балл;
2.	РОӘС ОӘБ грифімен баспадан шығарылған оқулықтар	2 және одан жоғары болса -100 балл. 1 оқулыққа-75 балл;
3.	Қорқыт Ата атындағы ҚУ немесе басқа ЖОО Ғылыми кеңесімен бекітілген оқу құралдары	2 және одан жоғары болса -75 балл 1 оқулыққа-50 балл;
4.	Қорқыт Ата атындағы ҚУ немесе басқа ЖОО Ғылыми әдістемелік кеңестермен бекітілген оқу құралдары	2 және одан жоғары болса -50 балл. 1 оқу құралына-30 балл.
5.	Қазақстанның ашық білім берудің ұлттық платформасы BilimLand, open.kaznu.kz), "Ашық университет"(open.kz) платформаларында Ашық онлайн курстарын әзірлеу және енгізу	2 және одан жоғары болса -120. 1 курсқа - 60
6.	Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn және т.б. халықаралық платформалар негізінде жаппай ашық онлайн курстар әзірлеу. Разработка массовых открытых онлайн курсов на базе международных платформ Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn и т.д.	100
7.	Авторлық құқығын уәкілетті орган растаған электрондық	2 және одан

	оқулық және/немесе электрондық оқу құралы: (конкурсқа ұсынылған баспа басылымдарының тақырыбын қайталамайтын)	жоғары болса - 75 1 - эл.оқулыққа – 30
8.	Әдістемелік семинарларда баяндама жасау	30 балл
9.	Ағылшын тілінде оқытатын топтарда сабақ жүргізу	40 балл
10.	Жаңа, инновациялық, бірлескен және қос дипломдық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу	2 ден жоғары- 50 балл. Бір БББ-20.
11.	Оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару. Оқу-әдістемелік кешен	2 ден жоғары- 50 балл. Бір ОӘК-20.
12.	Бейнедәрісті жазу және YouTube арнасына орналастыру	15-тен жоғары дәріс жинағы -150 (шекті балл) 1 видеоға -10 балл,
13.	Онлайн және оффлайн курстарда біліктілік арттыру. Бейін бойынша кәсіби және педагогикалық біліктілікті арттыру (екіден артық емес) <ul style="list-style-type: none"> Бейіні бойынша ұзақтығы кемінде 1 ай шетелдегі ғылыми тағылымдама Coursera, EdX, MOOCs, Udacity, FutureLearn платформалары негізінде соңғы үш жылдағы кәсіби қызмет бойынша шет тіліндегі жаппай ашық онлайн курстар платформасы негізіндегі курс бойынша табысты оқу туралы сертификат 	1 курс -15, Одан жоғары -30балл
14.	Бейіні бойынша ұзақтығы кемінде 1 ай шетелде ғылыми тағылымдамадан өту, ЖОО Академиялық ұтқырлық (АҰ)	Ішкі АҰ бір академ. кезеңге -20; 2-ші академ- 20; Тағылымдама , сыртқы АҰ- 70
15.	Шәкірттері (мектеп оқушысы, студент немесе магистрант) пәндік олимпиада жеңімпаздарының болуы	Халықаралық - 50 балл

		Республикалық - 30 балл
16.	“Оқытушы студенттер көзқарасымен” тәуелсіз сауалнама нәтижесі	3-10 балл 4тен жоғары – 20 балл
17.	Білім, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы жеке жетістіктері	БҒМ-20 балл Мемлекеттік-30 балл
18.	Эдвайзер-тәлімгер жұмысы	100 балл
Оқу әдістемелік жұмыстар бойынша барлығы:		1400
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ		
1.	Ғылыми дәрежесінің, PhD немесе бейіні бойынша доктор дәрежесінің болуы	30 балл
	Ғылым докторы	30
	Ғылым кандидаты, PhD	15
2.	ҚР БҒМ берген ғылыми атағының болуы (бір тармақшаны таңдау)	30 балл
	Профессор	30
	Қауымдастырылған профессор	15
3.	Соңғы екі оқу жылында шет тілін меңгергенін растайтын Сертификат (бір тармақты таңдау):	50 балл
	TOEFL PBT 640-677	50
	TOEFL PBT 590-637	40
	TOEFL PBT 550-587	30
	TOEFL PBT 513-547	20
	TOEFL PBT 477-510	10
	TOEFL CBT 273-300	50
	TOEFL CBT 243-270	40
	TOEFL CBT 213-240	30
	TOEFL CBT 183-210	20
	TOEFL CBT 153-180	10
	TOEFL IBT 111-120	50
	TOEFL IBT 96-110	40
	TOEFL IBT 79-95	30
	TOEFL IBT 65-78	20
	TOEFL IBT 53-64	10
	IELTS 8-9	50
	IELTS 7.5-8	45
	IELTS 6.5-7	40
	IELTS 5.5-6	30
	IELTS 4.5-5	20
	IELTS 4	10
4.	Бакалавриат пен магистратура дәкөрнекті кадрлар даярлау (екіден көп емес)	30 баллдан артық емес

	<ul style="list-style-type: none"> • Үміткердің жетекшілігімен студенттердің ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарының халықаралық және республикалық деңгейде конкурс және олимпиада жеңімпазын дайындау (дипломның, грамотаның көшірмесін ұсыну) • Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index және Arts and Humanities Citation Index Web of Science базасына кіретін халықаралық журналда мақала жариялаған немесе дайындық бейіні бойынша үміткердің басшылығымен Scopus 25 және одан жоғары базасы бойынша CiteScore процентілімен 2-5 мақала жариялаған Студент (DOI/URL және мақаланың бедерін көрсету) 	15
	<ul style="list-style-type: none"> • Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index және Arts and Humanities Citation Index Web of Science базасына кіретін халықаралық журналда мақала жариялаған немесе дайындық бейіні бойынша үміткердің басшылығымен Scopus 25 және одан жоғары базасы бойынша CiteScore процентілімен 2-5 мақала жариялаған Студент (DOI/URL және мақаланың бедерін көрсету) 	15
5.	Ғылыми-зерттеу кадрларын даярлау Философия докторын (PhD) даярлау	25 балл, 2 ден жоғары 50 балл
6.	Жобалар мен бағдарламаларға басшылық ету (екіден артық емес): <ul style="list-style-type: none"> • Гранттық қаржыландыру жобасына жетекші • Халықаралық бағдарламаларды орындау • Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде • Коммерцияландыру жобасымен • Облыстық бюджетқаржысы • Технопарк, бизнес-инкубатор, стартап және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстар бойынша жобаларды орындау 	150 баллдан артық емес 100 100 100 75 50 50
Ғылыми жарияланымдар (n-жарияланым авторларының саны):		
7.	Web of Science деректер базасының бірінші квартиліне (Q1) кіретін журналдағы мақала немесе шолу: <ul style="list-style-type: none"> • Жалғыз автор, • Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі, • Бірлескен автор 	1-3 мақала 115 балл 115 75 115/n
8.	Web of Science дерекқорының екінші квартиліне (Q2) кіретін журналдағы мақала <ul style="list-style-type: none"> • Жалғыз автор, • Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі, 	1-3 мақала 75 балл 75 60 75/n

	<ul style="list-style-type: none"> • Бірлескен автор. 	
9.	<p>Web of Science дерекқорының үшінші квартиліне (Q3) кіретін журналдағы мақала</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жалғыз автор, • Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі, • Бірлескен автор. 	<p>1-3 мақала 50 балл</p> <p>50 30 50/n</p>
10.	<p>Web of Science деректер базасының төртінші квартиліне (Q4) кіретін журналдағы мақала:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жалғыз автор, • Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі, • Бірлескен автор. 	<p>1-3 мақала 25 балл</p> <p>25 20 25/n</p>
11.	<p>Artsand Humanities Citation Index дерекқорымен индекстелген журналда мақала немесе шолу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жалғыз автор, • Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі, • Бірлескен автор. 	<p>1-3 мақала 75 балл</p> <p>75 60 75/n</p>
12.	<p>Web of Science деректер базасында Emerging Sources Citation Index или Russian Science Citation Index дерекқорымен индекстелген журналда мақала немесе шолу:</p> <p>Жалғыз автор, Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі, Бірлескен автор.</p>	<p>1-3 мақала 15 балл</p> <p>15 10 15/n</p>
13.	<p>Web of Scince деректер базасында импакт-факторы жоқ, бірақ Scopus базасында CiteScore бойынша 25% - дан кем процентилі бар журналдағы мақала</p> <p>Жалғыз автор, Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі, Бірлескен автор.</p>	<p>1-3 мақала 15 балл</p> <p>15 10 15/n</p>

14.	Scopus базасында CiteScore бойынша процентиль бар журналдағы мақала 25-тен 49-ға дейін: Жалғыз автор, Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі, Бірлескен автор.	1-3 мақала 20 балл 20 15 20/n
15.	Scopus базасында CiteScore бойынша процентиль бар журналдағы мақала 50-ден 74-ке дейін: Жалғыз автор, Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі, Бірлескен автор.	1-3 мақала 30 балл 30 15 30/n
16.	Scopus 75 және одан да көп базасында citescore бойынша процентилі бар журналдағы мақала <ul style="list-style-type: none"> • Жалғыз автор, • Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі, • Бірлескен автор. 	1-3 мақала 50 балл 50 40 50/n
17.	Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдағы мақала <ul style="list-style-type: none"> • Жалғыз автор, • Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі, • Бірлескен 	1-3 мақала 10 балл 10 5 10/n
18.	Web of Science немесе Scopus базасындағы дәйексөздер саны бойынша Топ 10% - ға кіретін мақала (дәйексөз санының объективтілігіне күмән болған жағдайда, балл берілмейді) Жалғыз автор, Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі, Бірлескен автор.	1 мақала 120 балл 120 100 120/n
19.	Science, Nature-дегі мақала немесе Web of Science базасындағы дәйексөздер саны бойынша Топ 1% - ға кіретін мақала (дәйексөздер санының объективтілігіне	1 мақала 125 балл

	күмән болған жағдайда, балл берілмейді) Жалғыз автор, Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі, Бірлескен автор.	125 105 125/n
20.	топ-100 халықаралық рейтингіне кіретін ЖОО баспаларынан шыққан монография Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor and Francis, Wolters Kluwer, Cambridge University Press, Columbia University Press, Cornell University Press, Harvard University Press, MIT Press, Oxford University Press, Princeton University Press, Stanford University Press, University of California Press, University of Chicago Press, University of Michigan Press, Yale University Press немесе Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education World University Rankings немесе US News Best Global Universities Rankings	100 балл/n
21.	100 халықаралық рейтингіне кіретін ЖОО баспаларынан шыққан монографиядағы тарау. Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor and Francis, Wolters Kluwer, Cambridge University Press, Columbia University Press, Cornell University Press, Harvard University Press, MIT Press, Oxford University Press, Princeton University Press, Stanford University Press, University of California Press, University of Chicago Press, University of Michigan Press, Yale University Press немесе Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education World University Rankings немесе US News Best Global Universities Rankingстоп-	50/n
22.	Басқа баспа шығарған (Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education World University Rankings немесе US News Best Global Universities Rankings халықаралық рейтингінің Топ-200 құрамына кіретін университеттерден екі ғылым докторының, профессор ғылыми атағының және (немесе) штаттық профессорларының рецензиялары болған жағдайда) және гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде дайындалған, таралымы 500 данадан кем емес	20

	монография	
23.	Артықшылықтары мақалада дәлелденген өнертабысқа патенттің болуы: Q1 Web of Science журналында Q2 Web of Science журналында Q3 Web of Science журналында	1-3 патент 100 балл 100 75 50
24.	Отандық және шетелдік өнертабысқа берілген патенттің болуы	1-3 патент 30 балл
25.	Отандық және шетелдік авторлық куәліктің болуы	1-3 куәлік 25 балл
26.	Конференцияларға пленарлық мәжілісте баяндама жасап қатысу Алыс шетелдік Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) халықаралық (Қазақстандағы) Республикалық	1-3 баяндама 100 балл 100 50 25 10
27.	Университет базасында Халықаралық және республикалық ғылыми-конференцияларды ұйымдастыру	2 ден жоғары 15 балл 1 конференция - 7 балл
28.	Университет Ғылыми кеңесінде бекітілген монография	75
29.	Халықаралық ынтымақтастық Q1-Q3 Web of Science немесе Artsand Humanities CitationIndex журналында, Scopus деректер базасында CiteScore 50 және одан да көп процентильмен, әлемдік Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education World University Rankings или US News Best Global Universities Rankings жоғары оқу орындарының халықаралық академиялық рейтингісінің үздік 500 қатарына кіретін шетелдік университеттің профессорымен бірлесіп дайындалған кем дегенде бір мақаланың болуы	1-3 мақала 100 Q1-100 Q2-75 Q3-50
30.	“Қорқыт Ата ҚУ-ің хабаршысы” журналында мақала	1-3 мақала

	жариялау	үшін 50 балл 30 50
	Қазақ, орыс тілдерінде Ағылшын тілінде	
31.	Web of Science, Scopus базаларындағы Хирш Индексінің болуы	50 3-тен жоғары -50 1-2 аралығында- 30
32	Тәуелсіз агенттіктердің рейтинг нәтижесі бойынша ТОП-50 қатарына енуі	70
Ғылыми-зерттеу қызметі бойынша барлығы:		1800
Тәрбие жұмыстары бойынша іс-шаралар ұйымдастыру		
1.	Халықаралық деңгейде	1-25 балл Одан жоғары - 40 балл
2.	Республикалық деңгейде	1-20 балл Одан жоғары - 30 балл
3.	Облыстық және қалалық деңгейде	1-15 балл Одан жоғары -25 балл
4.	Университет деңгейі	1 - 7 балл 2-3 аралығы - 12 балл Одан жоғары -20 балл
5.	Институт деңгейі	1 - 5 балл 2-3 аралығы - 8 балл Одан жоғары -15 балл
6.	Кафедра және білім алушылар үйі деңгейі	1 – 3 балл, 2-3 аралығы - 7 балл Одан жоғары— 10 балл
Шығармашылық конкурстар мен спорттық жарыстардың жеңімпаздарына		
7.	Халықаралық	1-50 балл

		Одан жоғары 70 балл
8.	Республикалық	1-20 балл Одан жоғары 30 балл
9.	Облыстық	1-15 балл Одан жоғары 25 балл
10.	Қалалық және университетішілік	1-10 балл Одан жоғары 15 балл
Кезекшілік бойынша		
11.	Жоспар бойынша студенттер үйіндегі кезекшілік	Толық орындалса 15 балл
Кәсіби бағдар беру жұмыстары		
12.	Аудан мектептері мен колледждерінде түлектермен және олардың ата-аналарымен өткізілген әр кездесу үшін	Офлайн 1-10 балл 2-3 аралығы – 15 балл, Одан жоғары - 20 балл, Онлайн 1-3 балл, 2-3 аралығы – 7 балл Одан жоғары - 10 балл
13.	Қала мектептері мен колледждері үшін	Офлайн 1-5 балл 2-3 аралығы - 7 балл Одан жоғары - 10 балл, Онлайн 1-3 балл Одан жоғары - 5 балл
14.	Жауапты : әр мектеп пен колледж үшін	1-5 балл 2-3 аралығы – 10 балл Одан жоғары

		15 балл
15.	Аудан , қала және басқа аймақтар мен салалар үшін	10-40 балл аралығы (қорытынды ақпаратқа сәйкес)
БАҚ бойынша		
16.	Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарындағы имидждік жарияланымдары үшін	1 - 30 балл Одан жоғары - 40 балл
17.	Республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында	1-20 балл одан жоғары - 30 балл
18.	Аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарында	1- 15 балл Одан жоғары - 25 балл
19.	Қалалық бұқаралық ақпарат құралдарында	1 - 10 балл Одан жоғары -15 балл
20.	Университет бұқаралық ақпарат құралдары	1 - 3 балл 2-3 аралығы - 7 балл Одан жоғары -10 балл
21.	Қорқыт Ата сайтына сілтемелері бар әлеуметтік желілердегі мазмұнды контенттер	1 - 3 балл 2-3 аралығы - 7 балл Одан жоғары -10 балл
22.	Шетелдік серіктестердің, университет түлектерінің сөз сөйлеулерін www.korkyt.kz веб-сайтында ұйымдастыру	1- 10 балл Одан жоғары - 15 балл
23.	Жұмыс берушілердің интернет-ресурстарында белсенді сыртқы сілтемелер құру	1 – 7 балл Одан жоғары

		-10 балл
Демеушілік бойынша		
24.	100-ден 500 мың теңгеге дейін демеушілерді тартқаны үшін	1-30 балл Одан жоғары- 50 балл
25.	500 мыңнан теңгеден жоғары демеушілерді тартқаны үшін	1-50 балл Одан жоғары- 70 балл
26.	1 миллион теңге және одан жоғары демеушілерді тартқаны үшін	1- 70 балл Одан жоғары- 100 балл
27.	Білім алушылардың оқу ақысын төлеуге демеуші тартқаны үшін (1 адам)	1-20 балл Одан жоғары- 30 балл
Тәрбие жұмыстары бойынша барлығы:		800
Оқу, ғылым, тәрбие бағыттары бойынша:		4000

Қосымша 2

Университеттің ішкі тәртіп ережелерін бұзушылық		
1.	Университет ректорының бұйрығымен ескерту	- 25
2.	Университет ректорының бұйрығымен сөгіс	- 50
3.	Университет ректорының бұйрығымен қатаң сөгіс	- 75
4.	Институт директорының өкімімен:	
	- ескерту	- 10
	- сөгіс	- 15
	- қатаң сөгіс	- 20
5.	Оқытушының жатақханада себепсіз атқармаған әрбір кезекшілігі үшін	- 30

Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректордың міндетін атқарушы



А.Т.Жүнісов

Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор



Б.А.Прмантаева

Стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор



Н.Ж.Уразбаев

Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор



Ж.Н.Базартай